

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

### №9 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

31\_05\_.2023 ж.

**Қатысқандар:**

**Комиссия төрайымы:**

1. Шалабаева Жанар - аға оқытушы;

**Комиссия мүшелері:**

2. Жаркинбаева Динара - декан орынбасары, магистр-оқытушы;
3. Рахмет Үсенбек - п.ғ.к., доцент;
4. Динашева Ләззат - т.ғ.к., доцент;
5. Примкулова Гауһар - т.ғ.к., доцент;
6. Джумадуллаева Асель - т.ғ.к.;
7. Мейірбекова Гүлмира - PhD, аға оқытушы;
8. Садуова Жанар - п.ғ.к., доцент;
9. Тажибаев Ғалымжан - магистр-оқытушы;
10. Исакова Парида - п.ғ.к., доцент м.а.;
11. Қаттабекова Назгүл - т.ғ.к.;
12. Паштанов Султан - аға оқытушы;
13. Шилменбетов Саян - аға оқытушы, хатшы;
14. Төрөбай Ақтолқын – магистрант 1 курс, МНК-211
15. Тимерхан Дариға – студент 2 курс, ППМ-011 ;
16. Нуралиева Жансая - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

**Комиссия хатшысы:** Шилменбетов Саян

### КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау.
2. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау
3. Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау;
4. Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**1.Талқыланды.** Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау мәселесі бойынша сөз бірінші кезекте «Тарих» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Е.Абдрамановаға берілді: «Тарих» кафедрасында тарих мамандығы бойынша 2022-2023 оқу жылында бакалавр, магистратура, докторантура бойынша білім беру бағдарламалары дайындалуда. Кафедрада жұмыс тобы құрылған. Бағдарламаларды дайындауда жұмыс

берушілерді қатыстырып, олардың ұсыныстарын ескерудеміз. Академиялық департамент және кафедрадағы жұмыс тобы мүшелері сервис, мамандық пәндері жоспарға сәйкес анықталғаннан кейін, оқыту нәтижелерін анықтады. Осының нәтижесінде пәннің сипаттамасы дайындалды. Дегенмен, дайындалған бағдарламаларды академиялық бөлімнің тексеруіне ұсындық. БББ дайындауда оның мазмұны жаңартылуда. Яғни, кейбір пәндерді жұмыс берушілердің ұсынысымен және студенттердің таңдауына сәйкес енгіздік. БББ аяқталғаннан соң ҚР БжҒМ Реестріне теркейміз – деп атап өтті.

Келесі кезекте «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент А.Рысбекова сөз алып, кафедрадағы ББ дайындалу барысы туралы былай деді: - Біздің кафедрада білім беру бағдарламасы үш деңгей бойынша (бакалавр, магистратура, докторантура) дайындалуда. Жалпы құзыреттіліктерін академиялық бөлім, арнайы құзыреттіліктерін жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкес кафедрадағы жұмыс тобы дайындады. Сонымен қатар, оқыту нәтижелері анықталып, пәндер сипаттамасы да дайындалды. Магистратура мен докторантура бойынша дайындалған БББ ҚР БжҒМ Реестріне тіркеуге жіберіліп, тексеруде өтуде. Ал бакалавр бойынша БББ қайта дайындалып, өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп дайындалып жатыр. БББ шамамен 20% жаңару үстінде.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы С.Паштанов сөз алып, «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасы түлектер дайындамайтынын, сондықтан БББ дайындамайтынын атап өтті.

«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. А.Белдебекова «Журналистика» бағыты бойынша бакалаврға БББ-на толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп қайта дайындалып жатқанын атап өтті.

«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент А.Жумадуллаева сөз алып былай деді: Кафедрада екі деңгейде (мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бакалавр, магистратура бойынша) БББ айқындалу үстінде. Бірінші кезекті, білім беру бағдарламасының оқу жоспары дайындалды, одан кейін арнайы құзыреттіліктің оқыту нәтижелері дайындалғанын, бірақ та, академиялық бөлімнің тексеруімен толықтырулар енгізіліп қайта дайындалып жатқанын жеткізді.

Сапа саясатының төрайымы Ж.Шалабаева күн тәртібінде бірінші мәселе, яғни, білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау мәселелері бойынша кафедраларда жұмыстар жүргізіліп жатқанын, бірақ әлі де білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелмегенін атап өтті. Бұл мәселелерді жылдам аяқтау қажеттігін жеткізді.

**Шешім:** Қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР БҒМ Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін толыққанды жүзеге асыру кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**2.Талқыланды.** ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы С.Паштанов: - БББ дайындауда академиялық нормативті құжаттардың (ҚР БжҒМ тиісті бұйрықтары) сонымен қатар Кәсіптік стандарт, университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесін т.б. құжаттардың талаптары негізінде тиісті кафедралар БББ дайындау үстінде, . деп атап өтті. Сондай-ақ, БББ дайындауда факультеттің және университеттің академиялық комитеті әдістемелік көмек көрсетіп жатқанын және де барлық нормативтік-құқықтық құжаттар кафедра меңгерушілерінде

және университеттің сайтында сақталғанын атап өтті. Яғни, барлық нормативтік құжаттар қолжетімді және өзгеріссіз пайдалануда.

**Шешім:** ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуі кафедра менгерушілеріне жүктелсін.

**3 Талқыланды.** Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігіне мониторинг жасау;

Факультеттің сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы Ж.Шалабаева: - Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша талдаулар жасау барысында Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетіне қарасты БББ дайындайтын кафедраларда білім алушыларды оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету 100% жолға қойылғаны анықталды. Атап айтқанда, барлық білімгерлер тобы сиλλαбустармен, лекциялар тезисімен және БӨЖ, ОБОЖ әдістемелік нұсқаулықтармен, емтихан сұрақтарымен қамтамасыз етілген. 2022-2023 оқу жылының екінші семестрінен бастап барлық білімгерлерге [kgup.ayu.edu.kz](http://kgup.ayu.edu.kz) сайтында контенттер енгізілді.

Студенттерді әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша атап өтетін болсақ, «мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» және «Тарих» кафедрасының студенттеріне білімгерлер және кафедра ұжымы тарапынан оқу төлем ақысына қаржылай қолдау берілді. Дегенмен, университет және факультет тарапынан білімгерлерге әлеуметтік көмек берілмеді.

**Шешім:** Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері қанағаттанарлық деп танылсын.

**4 Талқыланды.** Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау мәселесі бойынша мамыр айының сапамен қамтамасыз ету комиссиясының нәтижесін Ж.Шалабаева былай деп қорытындылады:

- Жоспар бойынша қарастырылған мәселелердің бірі БББ дайындау болғандықтан, бұл мәселелердің кафедралар және арнайы жұмыс тобы тарапынан орындалып жатқанын атап өтуіміз керек. Дегенмен, ҚР БЖҒМ Реестріне тіркеу, сараптамадан өткізу үшін толыққанды жұмыстар жүргізілуі керек.
- Факультетке қарасты мамандықтар бойынша білімгерлерді академиялық және әлеуметтік қолдау жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде.
- БББ дайындау барысында нормативтік-құқықтық құжаттар талаптары сақталуда және қол жетімді.

**Шешім:** Мамыр айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:

Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы:

Шилменбетов С.

